

Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы  
ХАТТАМА №4

«14» маусым 2023ж.

Төрайымы: Абильдаева Бибигуль Абдишукировна

Хатшы: Жұмахметова Т.Ж.

Қатысты: Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

Абильдаева Бибигуль Абдишукировна – қамқоршылық кеңесінің төрайымы  
Ұлжабаева Анар Расуловна – мүшесі  
Караков Асан Бактығалиевич – мүшесі  
Машихина Вера Васильевна – мүшесі  
Токмурзина Несібелі Меккеқызы – мүшесі  
Шатыбаев Асланбек Умирзакович – мүшесі  
Байдырахман Берик – мүшесі  
Бөлекеева Назерке Сазановна – мүшесі  
Иманбаева Мадина Есимбековна – мүшесі  
Шақыруымен: Мектеп директоры: О.И.Бегжанов

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың арасында салауатты өмір салтын насихаттап, құқықбұзушылықтардың алдын алу.  
/ДТДЖО: Жетруова Г.К./
2. Жазғы демалысты ұйымдастыру және жазғы демалыс кезінде оқушыларды пайдалы жұмыспен қамту.  
/Әлеуметтік педагог: Алдиярова Г.К./
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы есеп.  
/Қамқоршылық кеңесінің орынбасары: Улжабаева А.Р./

Тыңдалды:

1.Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жетруова Г.К. сөз алды. Оқушылардың арасында салауатты өмір салтын сақтау мақсатында мектепте көптеген спорттық секциялар жұмысын атқарады. Оқушылар футбол, волейбол, баскетбол, жеңіл атлетика, дзюдо, шахмат, шаңғы секцияларына қатысып жүр. Жүргізіліп жатқан үйірмелер оқушылар арасында қызығушылық тудырады. Аталған үйірмелердің бәріне оқушылар үлкен ынта, ықыласпен барып жүр. Соның нәтижесінде оқушылар жақсы нәтижеге қол жеткізіп отыр. Мысалы, спорттық секция мүшелері әр түрлі мектепшілік спорттық жарыстарға қатысып, футбол, жеңіл атлетика, баскетбол мен волейболдан жүлделі орындарға ие болды. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектеп ауласында әр түрлі спорттық эстафеталар мен жарыстар ұйымдастырылып жатыр. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында осындай үйірмелердің жүргізілуін жалғастыру керек.

Кеңес мүшесі Байдырахман Берик сөз алды: мектепте спорттық секциялар жұмысын жүргізіп жүр. Ол өте жақсы. Өзімнің ұлым баскетбол секциясына белсене қатысып жүр. Бірақ сонымен бірге ауылға стадион салу керек. Ауыл тұрғындары болып жиналып әкімшілікке ұсыныс жасауымыз керек.